

Myzaman

International Journal of Management, Economics, and Law



ISSN 2690-9622

30

Global Impact
Copyright © 2022
All rights reserved
www.mylawmy.com



Роллан СЕЙСЕНБАЕВ

«РЕКВИЕМ» МУЗЫКА ТІЛІНДЕ

Москвалық жас композитор Евсей Евсеев Мұқағали Мақатаевтың белгілі «Реквием» деген поэмасы негізінде оратория жазып бітіруге таяп қалды. Өлеңді орыс тіліне аударған Михаил Курганцев. Жақында Москва қаласында осы ораторияның фрагменттерін Қазақстаннан келген мәдени жұртшылық алдында орындап берді.

Композитор Евсей Евсеевтің творчествосында Шығыс халықтары ақындарының өлең-жырлары негізінде жазылған шығармалар үлкен орын алады. Мәселен, ол белгілі қоғам қайраткері, Ангола халқының көрнекті ақыны Агостиньо Нетоның жырларын өзек ете отырып, ән-романстар циклін жазды. Сол секілді араб ақындары – Ар-Русафи, Аль-Баяти, Аш-Шабби, Муин Бсису және басқалардың өлеңдеріне лирикалық әндер шығарған.

Қазақ поэзиясының өмірден ерте кеткен дарынды шебері Мұқағали Мақатаевтың туындылары жас композиторға ерекше әсер етіп, назарын аударған. Евсей Евсеев өз толғанысын былай жеткізеді:

– Мұқағалидың «Реквиемін» бұл тек Моцарт туралы және оның атақты «Реквиемі» жөнінде әңгіме-еске алу ғана емес. Бұл – өзіміз өмір сүріп отырған қазіргі қоғамымыз бен заманымыз жайындағы, оның қам-қарекеті мен мақсат-мүддесі, сондай-ақ ұмтылар биігі мен мазасыз қалып-күйі хақында жазылған поэма. Ақын жырында өмірден бұрын өткендердің бүгінгі тірілерге қайырыла үн қатып, оларды өмірді жаңғыртуға, жасампаздыққа, өнерпаздыққа, жақсылық пен қуанышқа шақыруы; жетім қалған жас ұланның өзіне аяушылық, мүсіркеушілік емес, достық, жанашырлық қолдау, бауырластықынтымақ тілеуі. Бұл – халықтың өмірден мезгілсіз өткен атпал азаматына мәңгілік өшпес өмір сұраған азалы, арманды, қасиетті тілегі, дауысы.

Менің ойымша, Мұқағали Мақатаев ғажап шыншыл, өзіндік ой-пікірі айқын да анық, ешкімге ұқсамайтын бөлекше орны бар қазақ ақыны. Менің қатар құрбыларым үшін мұндай ақынның өмірден тым ерте өтуі – өте өкінішті! Оның өзім оқып шыққан қай шығармасы, өлең-жыры болсын аса зор әсер етіп, ойға қалдырғанын айтқым келеді. Мұқағалидың поэзиясы, шын мәнінде, адамның жан-жүрегін қозғап, ең нәзік сезім пернелерін шертіп, бүкіл өнебойынды

жайлап алатын, өте үлкен сезімталдық күшімен ерекшеленетін және жоғары көркемдік мәдениетімен баурап алатын құдіретті поэзия.

Өкінішке қарай, мен қазақ тілін білмеймін, бірақ, Шығыс поэзиясының ішкі құрылысы мен спецификасын нәзік те терең түсініп аударып жүрген Михаил Курганцевтің тәржімесі арқылы Мұқағали творчествосының қуат-күшін байқағандай болдым. Оның «Реквиеміне» музыка жазу үстінде мен өзімді зор творчестволық шабыт жебегендей сезіндім, сонымен қатар өзімнің Қазақстан өмірімен тығыз да нақты байланыс жасап, танысуым керек екенін түсіндім. Өйткені, бұлай ету – оның музыкалық және көркемдік мәдениетімен, көркемөнері мен әдебиетті жасап отырған адамдарымен жақын таныс-біліс болуыма тікелей әсер етері анық. Менің мұндай ойға, қорытындыға келуіме, Мұқағали творчествосы үлкен әсер-ықпал жасады.

Мұқағалидың «Реквиеміне» жазылған ораториямды жақын күндерде бір-жолата аяқтап, Қазақстан мәдениеті мен көркемөнері шеберлерінің сарабына ұсынбақпын. Қазақ халқының музыка қайраткерлері – тамаша әнші-солистері, хор және аспаптық коллективтері менің бұл шығармама достық қолын созып, назар аударады, сөйтіп Мұқағали Мақатаевтың «Реквиеміне» жазылған ораторияның ақынның туған елінде орындалуына көмек көрсетеді деген сенім зор, – дейді ол.

Ал ақын творчествосы туралы аудармашы Михаил Курганцев не дейді? Оған да ден қойып көрелік:

– Міне, екі жылдан бері қазақ поэзиясының тамаша шебері Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін орыс тіліне аударумен айналысып келемін. Оның «Реквиемі» – халықтық бастаудан мол нәр алған қазіргі қазақ әдебиетінің жарқын үлгісі, сонымен қатар адамзатты барлық кезеңдер мен дәуірлерде де ойландырып-толғандырған проблемаларды дүние жүзінің гуманистік мәдениетінің күллі тарихымен тығыз байланыстыра алған аса үздік көркем шығарма...

«Реквиемді» орыс тіліне аудару үстінде мен поэманың лирикалық геройы басынан кешкен барлық сезім толқындарын, ойы мен мақсатын, арман аңсарын, күллі күйзелісі мен хал-ақуалын толық жеткізуге күш салдым. Сондай-ақ Мұқағали Мақатаев поэзиясы арқылы қазақ әдебиетінде өте жарқын, күшті де көрнекті жаңа бір дара тұлғалы ақын пайда болған екен-ау деп те айта аламын. Оның творчествосы біздің бойымызға қуаныш, мақтаныш, рухани күш-қуат құяды... – дейді.